

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
сотының төрағасына**

**Түркістан облыстық сотының  
төрағасына**

**Нұржанов Секрик Арапбаевичтен  
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,  
Ақсукеңт ауылы**

### **АЛҒЫС ХАТ**

Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ ауыл әкімінің шешімінің негізінде маған сенім білдіруші Батралин Гүлназға 22.04.2008 жылы №410 санды шешімі негізінде №32 жер учаскесін беріп аталған шешім негізінде Сайрам аудандық кадастр бөлімімен мемлекеттік акті беріліп аталған жер теліміне меншік иесі болып танылған, алайда жер телімін пайдалану барысында бөгде азаматтардың аталған жер теліміне тұрғын үй салынып қойғаны анықталып, заңсыз салынған құраласты бұзу үшін Сайрам аудандық сотына талап арыз келтірген болатынбыз, алайда сот барысында анықталғандай аталған 32 ші жер учаскесі азамат Муханхожаева Несібелі Шарипбаевнаға да дәл меніңкідей құжат беріп бір жерді екі адамға меншік етіп бергені анықталып, талап арыз қараусыз кері қайтқан болатын, алайда Сайрам аудандық сотына қайта талап арыз келтіріп, аталған талап арыз Сайрам аудандық сотының судьясы С.Қабылованың өндірісіне қабылданып, аталған азаматтық іс бойынша қайта зерттеу зерделеу жұмысын жүргізіп, дау болған жер телімінің басына шығып қарау сот отырысын тағайындап, жер телімінің басына өзінің хатшысы Н.Боранбаев пен бірге бара отырып, жердің орналасқан жері бойынша Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ ауыл әкімінің заңгеріне және Сайрам аудандық жер кадастрдың маманына қатаң тапсырма бере отырып, талапкер Батралин Гульназ Жаңбырбайқызына тиесілі жер телімінің орналасқан нақты жерін тауып беріп отыр.

Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ ауыл әкімі өзінің 22.04.2008 жылы №410 санды шешімімен берілген №32 жер учаскесінің нақты орналасқан жерін сот барысында өздері нақты сол кезде біліп отыр, аталған менің дауласқан жерімнің нысаны бойынша ауыл әкімі аталған дау бойынша алдағы уақытта сотқа дауласпай әкімшілік тарапынан шешіледі деп ойлаймын.

Сайрам аудандық сотының судьясы С.Қабылова мен хатшысы Н.Боранбаев жердің дауы бойынша қатаң тексерулер жүргізіп дауды шешпегенінде әкімшілік тарапынан қаншама адамдар жер дауымен дауласатын болар еді.

Сайрам аудандық сотының судьясы С.Қабылова мен Сайрам аудандық сотының сот мәжіліс хатшысы Нұртілек Боранбаевты өздерінің қызметтерін асыра менгеріп, халықтың қамын ойлап шын ниетпен заң аясында әділетті шешім қабылдап, адал қызметтері үшін алғыс айтамын, алдағы Қазақстан Республикасының 16 желтоқсанындағы Тәуелсіздік мейрамына мақтау марапаттау қағазын ұсынуларыңызды сұранамын.

**С.А.Нұржанов**